



# Мұнайлы Әлке

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№04 (45), сәуір-мамыр, 2013 жыл





# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАСЫ



**Байлығы байтақ еліме танымал Өзен кеңішінің «қара алтын» қазынасын игеруге атсалысқан тұлғалар көп. Солардың арасында Нәсіпқали Әбугалиұлының аты ерекше құрметпен аталады. Өйткені, ол аймақтағы бұрғылау жұмыстарының негізін қалаған білікті мамандардың бірі, әрі бірегейі. Табиғат берген іске деген іскерлігі мен таланты арқасында Жанаөзен қаласының әлеуметтік саласын көтеріп, өндірісін дамытудағы еңбегі ұшан - теңіз. Бұл жайлы мерзімді баспасөздерде аз жазылған жоқ, сол себептен де оны қайталап жатқым келмейді. Әйтсе де, Нәкенің Жанаөзенге сіңірген еңбегін сөз еткенде айналдыр отуға болмайтын бір нәрсе бар. Ол оны Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына жетекшілік еткен жылдары.**



Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында Бұрғылау басқармасының басшылық тігінін қолға алып, табан аудармай он жыл жұмыс жасады. Осы жылдарда Өзенде өндірілетін мұнай мөлшерін арттыру, еңбек адамдарының материалдық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға өшеусіз үлес қосты. Ол басшылық еткен жылдары бұрғылау жұмыстарының сапасы мен коммерциялық шапшаңдығы артты, төрт мыңнан аса мұнай ұңғым қазылып, тапсырылды. Басым бөлігі әлі күнге дейін тоқтаусыз жұмыс жасап, өнім беріп тұр. Бұрғышылардың көмегі арқасында 1973

оның алғашқы басшысы атанды. Қазіргі күнде бұл қорға Нәкенің таңдаулы шәкірттерінің бірі Сайлау Жылқайдаров жетекшілік етеді. Осындай өшес мол мұра қалдырған, көзден кетсе де, көңілден кетпеген Н.Марабаевтың жетпіс бес жылдығын атап оту мақсатында Жанаөзен қаласына Маңғыстау облысы әкімдігінің және еліміздегі мұнай мен газ саласының жауапты басшылары, сонымен бірге Нәкенің көзін көрген, әр жылдары жұмыста болған жолдастары мен әріптестері келіп, «Н.Марабаев даңғылы» бойына орналасқан «Бұрғышылар» алысына гүл шоқтарын қойды.

Алғашқы салтанат «Мұнайшы» мәдениет үйінде одан әрі жалғасты.

Оны облыс әкімінің орынбасары К.Нұрғалиева құттықтау сөзбен ашты. Содан кейін Нәкенің таңдаулы шәкірттерінің бірі, жоғарыда айтқан қазіргі «Мұнайшы» қорының басшысы Сайлау Жылқайдаров той інісінің өмірі мен қызметінен тәлімдік - тәрбиелік маңызды зор, мазмұнды баяндама жасады. Содан кейін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма төрағасының орынбасары Т.Бимағанбетов, «Қазак мұнай және газ институты» АҚ бас директоры У.Қарабалин белгілі тұлғаның ұрпаққа қалдырған онегелі істерін сөз

етсе, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік университетінің оқытушысы, техника ғылымдарының докторы, профессор Ю.Кулиев және Нәкен жұмыс жасаған жылдары Жанаөзен қаласының басшысы болған Н.Бекбосын, Өзен мұнайгаз кенішін игерушілерінің ауыз салында болған ардагер мұнайшы, геолог А.Әтемов, қала әкімдігі жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Айдаров танымал тұлғаның елге, жерге және жас мамандарға жасаған қамқорлығы мен кісілік, адамгершілік қасиеттері, ұйымдастырушылық қасиеті жайлы тартымды естеліктер айтты.

Келушілер Н.Марабаев жайлы түсірілген қысқа метражды деректі фильмді және қызметі жайлы қойылған қызықты көрсетілімді тамашалады. Қазыналы түбектің дамып көркеюіне баға жетпес үлес қосқан ел ардақтысының ұлдары мен қыздары әке жолын жалғастырған еліне сыйлы, халқына қадірлі азаматтар. Құдай қосқан қосағы, ұрпақтарының анасы Ләйла апай да киелі шаңырақтың дәстүрін жалғастырып, жан-жарының онегелі істерін жалпақ жұртқа насихаттап келе жатқан абыз ана, рәсім соңында көрермендер алдына шығып, жесін осылайша ардақтап жатқан қала жұртшылығы мен қонақтарға, барша әріптестеріне әулеттің атынан рахмет айтты.

Рәсімге қатысқан қонақтар мен мұнайшыларға облыс пен Жанаөзен қаласының таңдаулы өнерпаздары қызықты концерт қойды. Әсіресе, елге танымал жыры-термеші А.Көмековтің Нәсіпқали Әбугалиұлына арнап шығарған термесі тыңдарман жүрегін тебіндетті. Аймағымызда шыққан белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ мұнайының танымал тұлғасына арналған шара осылайша жастар үшін тәлім-тәрбиесі мол, ел ішінің бірлігі мен адамдар арасындағы өзара құрмет пен татулықты уағыздаған пайдалы да маңызды шара ретінде өтті.



жылы Өзен мұнайшылары бір жылда он алты миллион тонна мұнай өндіріп, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Сол жылдары өзендік бұрғылау салалық министрліктің жөнімпаздарға берілетін ауыспалы Қызыл Туына бес мәрте не болды. Нәсіпқали Әбугалиұлы Жанаөзен қаласының дамуына елеулі үлес қосқан танымал тұлға. Мұнай техникумының ашылуына ықпал етіп, мұнайшы мамандарды өз жерімізден оқытып, даярлау ісіне бастамашы болды. Қала кәсіпорындары



арасында Кендірлі жағалауын игеруді бірінші қолға алып, «Бұрғылау» демалыс базасын салдырды. Ол әлі күнге дейін жұмыс жасап тұр. Бұрғылау басқармасына басшылық еткен жылдары есімі еліміз бен аймаққа танымал Нұрлыбек Иманбаев, Қойшыбай Үсенов, Ақой Раушанов, Дайын Назарбеков, Жөніс Шегіреус сияқты және басқа да көптеген білікті өндіріс сардарларын тәрбиеледі.

Үнемі мұнайшылар қамын ойлап жүретін ол елімізде алғаш рет «Мұнайшы» қорын құрып,



«Мұнайшы» мәдениет сарайындағы салтанаттан кейін алыс-жақыннан келген қонақтар мен Нәкенің көзін көрген әріптестері, жұмыста достары, тумаластары «Қыстау» мейрамханасында арнайы берілген асқа қатысты. Замандастары сөз сөйлеп, естеліктер айтты.



«ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ бас директоры Абат Нұрсейітов, Жанаөзен қаласы әкімінің орынбасары Исхан Сағымбаев сөйлеп, шараны ұйымдастырғандарға ризашылығын білдіріп, ұрпақтарына әке жолын жалғастыруда сәттілік тіледі.

19 сәуірде мерекелік іс-шаралар Ақтауда жалғасын тапты. 2009 жылдан бері Нәсіпқали Әбугалиұлы Марабаевтың атындағы №7 лицей-мектепте Марабаевтың бюстіне гүл шоқтарын қою рәсімі болып өтті. Аталған іс-шараға Нәсіпқали ағаның жұбайы - Ләйла Оқанқызы, балалары, туғандары және жақындылары, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы және қызметкерлері, Ақтау қаласының әкімі, Алматы, Астана, Атырау және Ақтөбе қалаларынан келген қонақтар, сондай ақ лицей-мектептің ұстаздары мен шәкірттері қатысты.

Ақтау қаласының әкімі Еліп Жаңбыршин Нәсіпқали Әбугалиұлының бүкіл өмірі Қазақстанның мұнай өндіру саласымен тығыз байланысты болғанын атап өтті. Өз саласының ірі ұйымдастырушысы, республиканың мемлекет және қоғам қайраткері болған ол 2007 жылы кенеттен қайтыс болды. Бірақ оның есімі ұрпақтарының жанында мәңгі қалады.

Лицей-мектеп шын мәнінде өмірі адамдардың алаңдағандай ашық та жария болып өткен Нәсіпқали Марабаевтың атын лайықты алып отыр. Ол

кәсіпқойлық пен елінің абыройы үшін қызмет етуді өмірінің басты қағидасы етіп алды. Бүгінде лицей-мектептің ұстаздары өсіп келе жатқан ұрпақпен өзіміз бен еліміздің абыройы үшін дәл осы сипатта жұмыс атқарып келеді - деп атап өтті Ләйла Оқанқызы.

Іс-шараның қонақтары Нәсіпқали Марабаевтың мұражайын аралады. Қазіргі таңда Марабаев және оның қызметі туралы құжаттар №7 лицей-мектепте сақталуы.

Ләйла Оқанқызы өзінің жаңауысы атқан лицей-мектептің ұжымын, директорын, ұстаздары, сондай ақ Нәсіпқали Марабаев туралы материалдарды сақталуына сүбелі үлес қосып келе жатқан адамдардың барлығын, бүгінгі жастарды жақсы тәрбиелеп отырғандары үшін алғысын білдірді.

- Бұл, сіздердің есібегітері ерліктеріңіз, - деді ол мектеп ұстаздарына. - Сіздердің арқасында балалар өмірдің және жалпы еліміздің дамуы жолында аянбай қызмет еткен танымал адамдардың өмірімен жете танысады. Өз мамандығыңды тек жақсы көріп қою ғана емес, өз артыңнан қайырмды шәкірттер тәрбиелеп, еғру үшін шебер педагог бола білу де қажет. Осы жастар - біздің болашағымыз, ал өмір өз жалғасын табуда, - деді Ләйла Оқанқызы.

11 а сыныбының оқушысы Кристина Саркисова мұражай туралы толықтай әңгімелеп берді, әрі өзінің мектебі Нәсіпқали Марабаевтың атында екеніне мақтанғанын жеткізді.

Мектептің оқушылары мен ұстаздарының дайындаған мерекелік концерттен кейін Ләйла Оқанқызы өз жауапсыздығын атынан Нәсіпқали Марабаев туралы жазылған шығармалардың үш жөнімазына жақсанда шыққан кітаптар мен естелік сыйлықтар табыс етті.

Нәсіпқали Марабаевтың 75-жылдығына арналған іс-шаралар әрі қарай «Нұр-Піпаз» мейрамханасында әке бұру рәсімімен жалғасты.

Мұнда Нәсіпқали Марабаевтың атына көптеген жылы лебіздер айтылды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Досмұхамбетов Махамбет Жолдасғалиұлы және, ірі Қаламқас, Қаражамбас сияқты кенорындарын қолданысқа енгізу, мұнайшыларға әлеуметтік инфрақұрылымдарды салу барысында атқарған жұмыстары және Өзен, Жетібай секілді бұрыннан келе жатқан құрылымдарға қолдау көрсетуде атқарған жұмыстарының шынайы бағасын айту өте қиын, деп атап өтті. Ол өз ісімен өзінің туған халқы мен өз туған жеріне деген шынайы сүйіспеншілігін дәлелдей алған адам.

Қорытындылай келе Ләйла Оқанқызы және балалары осы аталған барлық еске алу іс-шараларына қатысқан және оны ұйымдастыруға атсалысқан адамдарға үлкен алғысын білдірді. Нәсіпқали Марабаевтың туғандары мен жақын-жуықтары барлығына зор денсаулық, ұзақ өмір және елімізге бейбітшілік тіледі!

«Маңғыстау» гәзетінен алынды



Нәсіпқали Әбугалиұлы Марабаевтың туғанына - 75 жыл



# ГЕОЛОГТАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Сәуір айының алғашқы жексенбісі - геологтар күні. Кәсіби мереке қарсаңында жер қойнауын зерттеуге қосқан сүбелі үлесі үшін бірақтар мамандар құрмет грамоталарымен марапатталып, жекелеген кәсіпорындар тарапынан сый-құрметке ие болды. Геолог мамандардың басын қосқан салтанатты жиынды «Қазақстанның мұнайшы-геологтары қоғамы» Қоғамдық Бірлестігінің Президенті Қуандықов Балтабек Мұханұлы: «Қасиетті Маңғыстаудың қойнауы кең, өте бай жер. Сонау 1950-1960 жылдарға қарайтын болсақ, Қазақстан тек мұнай саласында 2,5 млн. тонна мұнай шығаратын болса, бүгінгі күні 80 млн. тонна мұнай шығаратын жағдайға жетті. Оның

қатысушы геологтарды кәсіби мерекелерімен құттықтады. Сондай-ақ, Маңғыстау облысының экономикалық дамуына қосқан үлесі және геология саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Амангелді Мұханұлы Тастығараев, Сағын Ерқасұлы Қырымқұлов, Юрий Павлович Кисляков және Қолғанат Орынұлы Құлсариев облыс әкімінің құрмет грамоталарымен марапатталды. Кезесуде Маңғыстау облысы геология және жер қойнауларын игеру инспекциясының бастығы Қосай Алғабайұлы Шанығбай: «Баянды болашағына батыл қадам басқан түзелсіз Қазақстанның экономикасында геология саласының алтын оры ерекше. Сіздердің сол кен игеру саласындағы абыройлы еңбектеріңіз бен Қазақстанның өсіп-өркендеуі, дамуына қосқан үлестеріңіз мол. Жыл өткен сайын қазықтың қара мұнайының қадірі артып келеді. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 13 тамызында ҚР геология саласын дамытудағы 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы қаулысы бекітілді. Қазақстан геология саласын 2030 жылға дейін дамытудың стратегиялық мақсаты - мемлекетіміздің экономикалық сұранысын қазіргі кезеңде және ұзақ мерзімді перспективіде қанағаттандыру, жер қойнауын геологиялық зерттеуде ұтымды мемлекет қолдауына қалыптастыру, минералды шикізаттарды тиімді пайдалану және толықтыру болып табылады. Геология саласының негізгі міндеттері қатты пайдалы қазбаларды, көмірсутек,



бәрі осы Сіздердің және өмірден өткен геолог мамандардың қажырлы еңбектерінің арқасы. Елбасының өзі геологтардың орынға баса айттып, осындай жарлыққа қол қойғаны олардың мәртебесін көтеру үшін, еңбектерін елеп, жұмыстарына үлкен баға бергені деп білемін. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, жаңа кен орындары ашылып, елімізді байлыққа кенелте берейік!» - деген жылы лебіздерімен жиынды ашып, бастамасын өз қолына алды.

Салтанатты жиынға жұмыс бабымен қатыса алмаған облыс әкімі Алик Серікұлының құттықтау хатын әкімінің бірінші орынбасары Алдашев Сүйіндік Тасменұлы оқыды. Маңғыстаудың мұнайы Ұлы Отан соғысынан кейін кешенді түрде зерттеле басталған. Геологтар Өзенде мұнай қоры бар екенін деп тауып айтты, Жетібай кен орнына болжам жасаған. Мұнайлы түбегтің геологиялық картасын жасақтауда қазақ ғалымдарының қосқан үлесі мол. Құмды өлкеде қара алтынның көзін тапқан зерттеушілердің арқасында 1961 жылғы маусымда Жетібай кентінде алғашқы мұнай фонтаны атқылады. Маңғыстаудағы минералды шикізат қорының әлемдік геологияда қуаттылығы жағынан теңдесі жоқ. Өздеріңізге мәлім өңірдегі пайдалы қазбалардың ішіндегі негізгілері ұмытылмас айтулы тарихқа қысқаша тоқталған облыс әкімінің орынбасары мұнайды зерттеп ашқан, бүгінгі жиынға

шикізат, жерасты суларын геологиялық барлау жұмыстарын тым ерте, сәйкесінше ең тәуекел өңір және іздестіру кезеңінде мемлекеттің рөлін күшейту мүмкіндігін қарастыра отырып, геологиялық барлау жұмыстарын бағдарламалық нысанда жоспарлау және оларды мемлекеттік жетілдіру. Жер қойнауын геологиялық зерттеу және минералды шикізат базасын жаңғырту, кең ұлттық бәсекелестіру, отанды дамыту ісі, инновациялық технологияларды енгізу, инвестициялық тартымдығын арттыру мақсатында нормативтік құқықтық база мен нормативтік техникалық базаны жетілдіру. Жер қойнауының мемлекеттік геологиялық зерттеу жобаларын іске асыруға қатысу үшін арнайы мамандармен қамтамасыз ету қажет. Сондықтан, геология саласын дамытуға аса көңіл бөлу көзделген» - деп сөзін қорытындылап, мереке иегерлерін төл мерекелерімен құттықтады. Атап айтар болсақ, Владимир Петрович Котов пен Болат



Тауымышулы Жұмағалиевке диплом мен медаль тапсырды. Сондай-ақ, жиында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Махамбет Жолдасғалиұлы Досмұхамбетов мемлекетіміздің, өңірміздің геология саласының қарқынды қалыптасуына, дамуына орасан зор үлес қосқан ардагер геологтар Михаил Нафтулович Коростышевский, Асхат Кенғанұлы Қонысов, Аманжол Фахылұлы Бастаев және Сағат Дүйімбаев мырзаларға марапат қағазын табыстады. Марапатқа ие болғандардың ішінде көп жылдар мұнайгаз саласында еңбек еткен Виктор Васильевич Нечаев мақтау қағазын алса, еліміздің мұнайгаз саласының дамуына қосқан жеке үлесі үшін Махамбет Жолдасғалиұлы Досмұхамбетов «Қазнерджи» қауымдастығы медалімен марапатталды. Марапатты «Қазақстанның мұнайшы-геологтары қоғамы» Қоғамдық Бірлестігінің Президенті Балтабек Мұханұлы Қуандықов тапсырды. Мадақтаудан соң «Влаченский» кенорнын ашқы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Маңғыстау өңіріндегі барлық кенорындарының ашылуына қатысқан құрметті ардагер Нечаев Виктор Васильевичке, Астанадан арнайы келген жерлесіміз Қуаныш Жолжанұлы Сисенбаев мырзаларға құттықтау сөз кезегі ұсынылды. Өткен күндердің қиындықтарын еске алған ардагерлер сол кездердегі жолсыз, байланыс құралсыз, ыстықта, сынақ полигоны аумағында орналасқан Бозашы кен орнына

барлау жүргізген кездерін еске алды. Геология мамандығын қобие ер адамдар таңдайды. Дегенмен, ең адалда ерлермен қатар еңбек етіп, қажырлы қайрат танытқан нәзік жанды зерттеушілер де жоқ емес. Бүкіл ғұмырын геология саласына арнаған Бақтылы Мақсұтқызы солардың қатарында. Ол өзінің бұл мамандықты қиын болса да таңдағанын айттып, қиын да қызығы мол қызметтегі әріптестерін мерекелен құттықтады. Жер қатпарынан кен іздеуге қызығушылар қатары әсте сиреген емес. Мамандар қатары жылма-жыл жастар дегімен де толығын жатады. Бүгінгі зерттеушілердің технологиялық мүмкіндігі де мол. Маңғыстау тарихында өшпес із қалдырған ардагер-геологтар осылайша мерекелік жиында құшақ қауыштырды. Өткен күндерін сағынышымен еске алды. Олардың елеулі еңбектері тағы бір мәрте бағаланды. Жиын соңында ұсыныс-пікірлер ұштаса келіп, Елбасы жарлығына сай геологтардың төл мерекесінде басқосуды жылдағы дәстүрге енгізу, Маңғыстау өңірінде геологтардың басын біріктіретін «Қазақстанның мұнайшы-геологтары қоғамы» Қоғамдық Бірлестігінің Маңғыстау облыстық филиалын ашу туралы және жетекшілігі етіп геологиялық-минералды ғылымның кандидаты Владимир Петрович Котовты тағайындау ұсынылды. Геологтарға арналған журнал ашу да жоспарға енді. Салтанатты жиын соны мереке иелері бас қосқан ақ дастархан басындағы концертке ұласты.

## ТАҒАЙЫНДАУ



**Чжен Чиху 02. 04. 2013 жылғы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының коммерциялық мәселелері жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.**

Чжен Чиху 1967 жылы 26 ақпанда Қытай Халық Республикасындағы Цзяньян уезі, Хубэй провинциясында дүниеге келген.

1990 жылы Цяньхай Мұнай Институтын (қазіргі Чанцзянь Университеті) «геофизика», ал 1995 жылы Ухань Университетін «басқарушылық есеп» мамандықтары бойынша оқып бітірді.

1990-1997 жж. ҚҰМК құрамындағы мұнай қысымы басқармасының жобалау институтында жұмыс жасады.

1998-1999 жж. «Судан теңіз портына дейінгі Бассейн – Муглайдз мұнай құбыры» жобасын басқарды. Кенорын үйлестіруші қызметтерін қосымша атқарған.

2000-2001 жж. ҚҰМК құрамындағы мұнай құбыры басқармасы маркетинг бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

2002-2003 жж. «КНЛК Интернешнл» ЖШС Қазақстандағы өкілінің орынбасары болды.

2003-2007 жж. «ҚҰМК - Ақтөбемұнайгаз» АҚ директорының сатып алу жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

2007-2009 жж. «ҚҰМК - Ақтөбемұнайгаз» АҚ әкімшілік департаментінің директоры.

2010-2013 жж. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаментінің директоры қызметін атқарған.







## ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯНЫҢ БІРЫҢҒАЙ СЕРПІЛІСІ

25 - 26 сәуір екі күні бойы Ақтау қаласында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ 50 жылдығына арналған «Қазақстан мұнайгаз кешенінің инновациялық дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.



өте тиімді технологияны зерттеп, енгізу жұмыстарын қарқынды басты назарда. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және алдағы кен орындарын өңдеу – ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады», - деді Алик Айдарбаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі кенорындарындағы өңдеу жұмыстарының жағдайын жақсартуға бағытталған жаңа технологияларды қолдану, біздің кенорындардың аналогы болып табылатын Данин (ҚҰР), Самотлор (РФ) және т.б. кенорындарындағы шетелдік компаниялардың тәжірибелі жұмысын белсенді пайдалану өте маңызды делді.

Ақтау қаласындағы халықаралық конференцияның Маңғыстау облысы әкімшілігінің қолдауымен ұйымдастырушылары: «Қазақ мұнай және газ ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Н Оперейтинг Компани» ЖШС, «Бүкілресейлік А.П.Крылов атындағы мұнайгаз ғылыми-зерттеу институты», ГЗЖИ «Мұнайгаз» СОСАР, Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ, «Мұнай және газ Қазақ ғылыми-зерттеу мен жобалау институты» АҚ.

Ақтау қаласындағы халықаралық ғылыми конференцияны ашқан Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев көмірсутекті өндіру көлемін арттыруға қамтамасыз етудегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыратын ғылымның дамуы - басымдықтардың маңыздысы болып табылатынын атап өтті.

«Бүгінгі мемлекеттік мұнайгаз секторының дамуын ғылыми-зерттеу базасының дамуымен елестету мүмкін емес. Осыған орай, бізге терең теориялық және тәжірибелік базасы бар жоғары білікті мамандар дайындау қажет. Келешегі бір өңірлерден мұнай мен газды іздеудегі қазіргі



Мысалы, Данин кенорынында мұнай өндірудегі ағымдық коэффициент 46%, жыл сайын 40 млн. тоннамен (30% полимерлерді шайқаудан өндірілгені) құрайды.

Данин кенорынындағы мұнай өндіру коэффициентінің ағымдық көрсеткіші дейін өсуі өндіретін ең ірі Өзен, Қаламқас, Жетібай кенорындарынан өндірілген қосалқы қорлардың жалпы есебін 800 млн.тн.-дан 942 млн.тн. мұнайға арттыруға мүмкіндік береді.



Конференцияға қатысушылар мен қонақтары «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Сунь Синьюнь қарсы алып, жемісті еңбек, сындарлы идеялар мен ұсыныстар, пайдалы іскерлік таныстықтар мен маңызды мәселелерді шешуде жетістіктеріледі.

Конференцияға Қазақстан, Ресей, Беларусь, Әзірбайжан, Қырғызстан, Финляндия, Франция, Германияның танымал ғылымдары, сондай-ақ, қазақстандық мұнайгаз компанияларының басшылары қатысты.

Конференцияға қатысушылар геология және мұнайгаз кенорындарын өндіру саласы бойынша көмірсутек шикізатын өңдеу және тасымалдауда өз тәжірибелерімен бөлісті. Мұнайгаз кешеніндегі экологиялық проблемаларға да тоқталып өтті. Альтернативті энергия көзін қолдану, әлеуметтік-экономикалық аспектілер, сондай-ақ, жаңа технологияларды тиімді қолдану мен енгізуге қатысты мәселелер көтерілді.

25 сәуірде Конференцияның жалпы пленарлық отырысы өтті. «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ бас директоры Ұзақбай Қараалин шара модераторы болды. Ал, отырыс төрағасына Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев, «Қазатөмпро» АҚ бас директоры Владимир Школьник, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Сунь Синьюнь, «Бүкілресейлік А.П.Крылов атындағы мұнайгаз ғылыми-зерттеу институты» ААҚ техника ғылымының докторы, профессор Александр Соломатин, Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының төрағасы Балтабек Қуандықов, «Қазақ мұнай және газ ғылыми-зерттеу және жобалау институты» АҚ бас директоры Мұрат Құрбанбаев кірді. Конференция жұмысының

алғашқы күнінде Ақтау қаласындағы ғылыми зертханалық зерттеу орталығының ашылуы болды.

Халықаралық конференцияның екінші күнінде Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ аудиторияларында кеңейтілген секциялық отырыс өтті. Тақырыптары: геология және мұнайгаз кенорындарын өңдеу, мұнайгаз кенорындарын жайластыру мен теңіз және құрлықтағы инфрақұрылымды жобалау, тасымалдау мен көмірсутек шикізатын қайта өңдеу, флюидтер физика-химиялық зерттеу және таулы жыныстарды петрофизикалық



зерттеу, мұнайгаз кешенінің экологиялық проблемалары, альтернативті энергия көздері мен көмірсутек, мұнайгаз кешенінің әлеуметтік-экономикалық аспектілері.

Сондай-ақ, конференция барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы ғылыми шеңбердегі меморандумға қол қойылды. Ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ мен «Бүкілресейлік А.П.Крылов атындағы мұнайгаз ғылыми-зерттеу институты» мен «Ресейлік Д.И.Менделеев атындағы химико-технологиялық университеті» арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

Қазақстан мен ресейлік оқу орындары арасында қызметтестік туралы өзара түсінілушілік меморандумына ғылыми-техникалық көмегестікті дамытуға дайын екендігімізді, сондай-ақ, оны болашақта кеңейту қажеттігі ескеріле отырып қол қойылды.

## ИММУНДАЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

Облысымызда сәуір айының 22-нен 27-не дейінгі кезеңде "Өз әлеміңді қорға, вакцина ал" деген ұранмен имундау (адамдардың жұқпалы ауруларға қарсы қорғау қабілетін молайту) апталығы өткізілді. Бұл апталықтың негізгі мақсаты - халықты вакциналаудың (жұқпалы ауруларға қарсы егудің) тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы хабарлар ету, имундауға сенімді қозғарас қалыптастыру, жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық егу іс-шараларын күшейту.

Облыс тұрғындары хабарлар болуы керек:

Нәресте алғашқы 12 сағат ішінде "В" гепатиті инфекциясына қарсы, 1-4 күн аралығында туберкулезге қарсы БЦЖ екпелері перзентханада егіледі. Собидің 1, 2, 3, 4, 12, 18 айға толу мерзімдерінде күрөзек (дифтерия), сіреспе (столбняк), көкжөтел (коклюш), тырысқақ (полиомелиит), гемофильдік және пневмония инфекцияларына, қызылша (корь), қызамық (краснуха), паротит сияқты т.б. жұқпалы

ауруларға қарсы егілу шаралары, осы аурулармен күресуге имунитет қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бір мезгілде 5-6 инфекциялық ауруға қарсы сәбилерді егу мүмкіндігі белгіленген.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша "В" типтегі гемофильдік инфекция (Хиб-инфекциясы) жылына 3 миллион адамның ауруға ұшырауының және 400 мыңнан астам өлім жағдайларының себебі болып табылады.

6, 12, 16 жасқа толған балалар туберкулез, күрөзек, қызылша, қызамық, сіреспе инфекцияларына қарсы егіледі.

Бүгінгі күні әлемде вакцинациялаудың тиімділігі, сәбилердің өмірін сақтауда имундаудың өте маңыздылығы терең ғылыми түрде дәлелденді.

Үлкендер арасында 26, 36, 46, 56 жасқа толғандар тырысқақ, сіреспе екпелерімен, 30 жасқа дейінгілер "В" гепатитіне қарсы егіледі.

Кәсіптеріне сәйкес (медицина

қызметкерлері, т. б.) және эпидемиялық жұқпалы ауру қаупі бар аймақтағылар, жұқпалы аурулармен ауырғандармен қарым-қатынастағылар, респиренттер (қан және оның құрамдас бөліктерін құйғызғандар) "А" гепатиті, وبا (чума), тұмау (грипп), брюшной тиф (ішек тырыспасы), т.б. екпелермен қамтылады. Қаламқас кенорынының орналасқан жері, وبا ауруына қатысты қауіпті аумақ кіреді.

Қазақстан Республикасында балалар өлімі себептері құрылымында тыныс органы аурулары 3-орынды иеленеді, ал олардың 60% астамы пневмониядан болатын өлімді құрайды. Бір жақсысы, бұл дертті имундация көмегімен алдын алуға болады. Мәселен, Хиб инфекциясы 30-50% жағдайда ірді менингит, 20-30% - пневмония, 15-20% - желден респираторлық вирусты инфекция туындайды, сондай-ақ, көмекке қақпашығы спенисінің, остеомиелиттің, перикардиттің, артриттің себебі болып табылады.

Әлемде жыл сайын 500 миллион адам тұмаумен (грипппен) ауырады, 2 миллион адам

оның асқынған түрінен өлімге ұшырайды. Алайда, тұмау вирусы өте тез өзгеріп, сондықтан, оған қарсы вакцинациялау тұмаудан 100% арлуға мүмкіндік бере алмайды. Бірақ, статистикалық мол мәліметке сүйеніп, сеніммен айта алатын жағдай - тұмауға қарсы егудің басым көпшілік жағдайда оның алдын алуға, бұл инфекцияның асқынған түрлерін болдырмауға, өлім-жітімді барынша азайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Имундау, вакциналау жөнінде осындай шағын мәлімет ұсынып отырмыз. Ал, біздің қоғамның қызметкерлері вакцина алу жөнінде толығырақ мәлімет алғысы келсе, Медициналық-санитарлық бөлімі терапия бөлімшесінің кез келген дәрігеріне қоңырау шалып немесе тікелей келіп хабарласуға мүмкіндігі бар.

**Медициналық-санитарлық бөлімінің терапевт-дәрігері**  
**Гайша Отарғұлова**



# 2 Мамыр

## ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАҢДАР

Адамзат тарихындағы ең сұрапыл деп танылған ІІ Дүниежүзілік соғыстың салған жарасы әлі жүректерден өше қойған жоқ. 22-маусым күні фашист әскері Кеңестер Одағының шекарасына басып кірген болатын. Немістер өздерінің басқыншылық әрекеттерін таңға таяу уақытта, елдің бәрі шырты ұйқыда жатқан кезде іске асырды. Міне, сол бір қанды да қаралы күннің тарихымызда орын алғалы 72 жыл...

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары жыл емес, күн өткен сайын сіреп барады. Соғыстың басынан аяғына дейін от кешкен жауынгер, «Манғыстау-мұнайгаз» АҚ есебінде тұрған Қайыр Қыдырбаев атамыз біздерге, болашақ ұрпаққа Ұлы Женісті жақындандардың бірі. Оны соғысқа жастай алып кетті. Өрмелей он жетіден он сегізге қараған шағында 1941 жылы қолына қару алып, Отанды қорғау үшін қан майданға аттанған жас жігіт, сұрапыл соғысқа басынан аяғына дейін қатысып, ұрыстар кезінде үш рет жараланып, екі рет қысқа мерзімді контузия алса да, жауды толық жеңіп, елге жеңіспен оралған. Майданда маршал Рокоссовскийдің дивизиясына қарасты 82-ші батальонның құрамында Белоруссияны жаудан азат етуге қатысқан Қайыр ата, қаруластарының қатарында сонау Германияға дейін жеткізсе қаруы күйіп, Берлин қаласына дейін барыпты. Сол жерде неміс армиясы түгелдей тізе

бүгіп, Кеңес Армиясы жеңіске жетіп, біздің қаһарман сарбаздар Рейхстагқа қызыл туды тіккен кезде, Қайыр ата да сол жердегі жауынгерлердің қатарында болған екен. Қазақ сарбазы Рақымжан Қошқарбаев қызыл туды Рейхстагтың төбесіне тігер кезде қолынан жараланса да, туды жықпай, қайсарлықпен ұстап тұрғанын өз көзімен көргенін айтып, сол кездің естеліктерімен бөлісті.

1922 жылдың 20 наурызында Түркменістан елінің Мары облысында дүниеге келген Қайыр ата ел басына күйіп төнгенде Отан қорғауға майданға да сол жақтан аттанған екен.

Соғыста неміс фашистерімен кескілескен ұрыстарда ерлік көрсетіп, жауға қарсы қайсарлықпен күрескен жауынгер Қыдырбаев Қайырға бірнеше мәрте Жоғарғы Басқолбасшы Кеңес Одағының Маршалы Сталиннің 1944 жылдың 27 шілдесіндегі №129 Бұйрығына сәй Варшава қаласына немістердің жолын кесетін, аса маңызды теміржол торабы болып, жаудың күшті бекінісі болған өнеркәсіп орталығы – Белосток қаласын жаудан азат еткені үшін жеке құрамның қатарында алғаш жарияланған болатын. Бұдан өзге де Гнев және Старогат, Гданьск қамал-қаласын, Германияның Штральзунд, Гриммен, Деммин, Мальхин, Варен, Везенберг қалаларын, Варшава қаласының солтүстігіндегі Нарев өзенінің батыс жағалауын жаудан азат еткені үшін, сонымен қатар, Германияның Мекленбург провинциясы аумағындағы кескілескен ұрыста аса маңызды Анклам, Фриланд, Нойбранденбург, Лихен сиялы жол тораптары мен қалаларды азат еткені үшін бірнеше мәрте марапаттауға не болыпты. Осылардың бәрі уақыт сарғайтқан ескі құжаттар қалпында қалғанымен, ардагер атаға деген құрметті арттыра түседі.

Жауды өкшелей күйіп, Берлинге дейін жеткен Қайыр атамыз Польшаны да неміс басқыншыларынан азат етуге

қатысып, соғыс аяқталғанда бірден елге қайтпастан, Жапониядағы соғысқа қатысуына тура келіпті.

Сөйтіп, елге жеңіспен оралған жас жігіт Қайыр өзінің мыңдаған замандастарымен бірге соғыстан қалжыраған халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне атсалысты. Сол кездердегі қиындықтардың бәрін жеңе жүріп, еліңілігі үшін бел шешіп белсене еңбек етті. Ендігі жас қайратын, бар күш-жігерін ол елінің жарқын болашағын құру ісіне арнады. Сол жолда аянбай еңбек ете жүріп, елдің соғыстан кейінгі экономикасын түзетуге бір кісідей атсалысты. Сол жылдары Қайыр Тұмышева Шолпанмен шаңырақ көтеріп, өмірге Қалима, Сәліма атты екі қызы мен Дулат есімді ұлы келді.

Түркменістан елінен Манғыстауға қоныс аударған соң да Қайыр ата Манғыстаудың мол мұнайын игеруге атсалысып, мұнай саласында 15 жылдай еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан еді. Қара алтынды игеру кезінде ұнғыларды қазу техникасында жұмыс жасаған ол бұл еңбегінде де аямай тер төкті. Бүгінде ардагер-мұнайшылар қатарында «Манғыстаумұнайгаз» кәсіпорнының қамқорлығында.

Соғыста жүрген кезінде «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған Қайыр ата, 1985 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Ұлы Женістің 40-жылдығына орай І-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, Ұлы Женістің 20 жылдығы, 30 жылдығына арналған мерейтойлық медалдармен, Белорус Республикасы Президентінің Жарлығымен 2005 жылы «Белорус



Республикасын неміс басқыншыларынан азат етудің 60-жылдығы» медалімен, «Ұлы жеңіске 60 жыл» мерейтойлық медалімен және бұдан да өзге көптеген наградалармен марапатталған.

«Бүгінде ұлым Дулат пен келінім, немерелерінің ортасында өмір сүріп жатырмын. Баріне ризамын. Қыздарым да өмірден өз орындарын тапты. Олардан да сүйен жиеңдерім бар. Жалпы өміріме өкпем жоқ, кәзіргі жастарға айтармын менің көрген бейнетімді көрмесін. Олардың талабы өссін. Жастар елін, жерін қастерлесін. Халқан сүйсін. Үлкендерді қадірлеп, кішілерге ізеттік, қамқорлық көрсетсін. Жастар тәрбиелі болсын. Халқымыз аман, ел-жұрт тыныш болсын», - деп шүкіршілік етті ақсақал.

Қайыр атадай ержүрек, қайсынас қайсар ерлеріміздің, елін, жерін жаудан қорғап, сол жолда жанын да, қанын да амай, еңбек майданында да есепсіз еңбегімен ел ырысын арттырған әке-аталарымыз - аға ұрпақтың арасында бүгінгі күні бейбіт өмір сүріп, егеменді еліміздің көк туын аспанымызда желбіретудеміз. Сіздерге мын тағзым!



Соғыс басталғанда жаңа ғана ер жетіп келе жатырған бозбала небәрі 15 жаста ғана болатын. Әкесі Мырзағалидың 11 баласынан көзі тірі қалған екеудің бірі соғыс дегеннің кермек дәмін ерте татты, елмен бірге ерте тұрды, кеш жатты. Осылайша Атырау облысы Доссор машина жөндеу

Ұлы Отан соғысы зұлматын бастан кешкен ұрпақ күн өткен сайын көз алдымызда азайып бара жатыр. Ел басына күн түскенде ер азаматтарымыз қолына қару алып, қан майданға аттанса, елде қалған қарттар мен аналар, бала-шаға барлық тауқыметті мойындарына алып, «Жеңіс үшін, Отан үшін!» деп күндіз-түні еңбек етті. Майдангерлер жаумен шайқасса, ел ішіндегілер тылды өркендетіп, майдандағы жауынгерлердің рухын көтерді. Міне сондай жандардың бірі – Тұрақбаев Қойлыбай ақсақал.

зауытында 1942 жылдан бастап 1967 жылы Манғыстауға көшіп келгенге дейін аянбай еңбек етті. Орта мектептің сегіз сыныбын бітірген бозбала 9 бен 10-сыныптарды кешкі мектепте оқыды. 16 жастан 60 жасқа дейін еңбек еткен Қайыр ата слесарь оқушысынан бас инженерге дейін көтерілген. 1954-59 жж. Омскідегі жоғарғы оқу орнын бітіріп келген маман Манғыстауға келгенде

технологиясы басқармаларын (УОС-2, УОС-3) құрып, басқарған. Қазіргі «Қаламқасмұнайгаз» ОБ жерасты жөндеу механигі қызметтерін атқарды. Елі үшін еткен еңбегінің еленгені болар, «Мақат ауданының құрметті азаматы» атағымен, «Еңбек озаты» үкіметтік марапатымен,

«тылдағы ерен еңбегі үшін» жеңілдік куәлігімен, УОС 65 жылдық, Мақат мұнай кенорнының 90 жылдық, Өзен мұнай кенорнына 40 жыл, Манғыстау мұнайына 50 жыл, Манғыстау облысының 35 жылдық медалдарымен марапатталды.

Шүкір, ұлдары үйленіп, қыздары құтты орнын тапқан ата, зайыбы Мақпал аяймен өз заманындағы үлгілі шаңырақтардың бірі болды. Бүгінде 30-ға тарта немере шөберелердің

ортасында жасында көрген бейнеттің зейнетін көріп отырған Қойлыбай атамын қажырлы күш-қайраты ешқашан ұмытылмақ емес! Тыл ардагерлері қазір Ұлы Отан соғысына қатысушылармен теңесе келді. Мерекеңіз құтты болсын, Қойлыбай ата! Өзіңізге амандық, деніңізге саулық тілеймін.

### Құтты болсын Жеңіс күні!

*Отан үшін соғысқан ардагерлер армысыз, Отанына орнатқан тынымсызты қайсысыз. Құтты болсын жеңіс күні, ұлы елге арналған, Сағынмаймыз ауау майдангерлер бармысыз.*

*Аға өссен ұранмен Отан үшін, жер үшін, Әперойіз халқына ұлы үміттің жеңісің. Қан кешкен де шешіңбей, қаһармандар намысты. Қалды орын ат тарихта жер жүзіне жеңісің.*

### Қайырмасы

*Ұлы жеңіс шаттығы сол күндің жаңғырып, Ошпен биік даңқыңды біз шырқаймыз қызыл. Жеңіс туын зейіреткен ерлігіңді еліңе, Ұмытпаймыз ешқашан біз, ұмытпаймыз мәңгілік.*

*Отан ардаған қатері, Ұлы Отан соғысынан, Қан майданын ортамай не бір солдат қалыпты. Атам үшін елің құрбан болып соғысты, Соғыма дейін, өемнің жауға қарсы шауыпты.*

*Гүлге бөлсе аспанды, қанатыңды жейдін да. Ақ көсерің боп ұштың тілсізін азында, Ұрпағына елес боп, ескерткің қалып тұр. Отан үшін ошпейтін мәңгі азу боп жанып тұр.*

### Қайырмасы

*От күндері салмағай босқа қырған халықты, Қанша ана мен балаң өмірі отқа жапықты, Ауыр күнде арылмай қасірет шеккен еліміз. Жеңіс үшін жеріне бар үлесін салыпты.*

*Күн боп тудың элементі, сөнбесейді тілсізін, Бақыт сыйлап әр елге, бейбітшілік тілсізін. Гүл боп өсің жеріңе, таусырмай тіреген. Қалқан болған халқыңа, соға берей жүрген.*

### Қайырмасы

*Әні мен сөзі ОТК «ЖШС» жүргізушісі Қанатов Қ*





## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### 60 жас

Айжарыков Бердіғали – 5 мамыр, ТСДЦ, қазандық операторы  
Сапаров Ыбырай Ахметұлы – 10 мамыр, ӨД, слесарь-жөндеуші  
Аманжолов Жаңабеген – 31 мамыр, ГДТЖҒШПЦ, цех бастығы

### 55 жас

Қаналиева Күміс Алтайқызы – 9 мамыр, ҚКҰЦ, геология жөніндегі цех бастығының орынбасары  
Әбубәкірова Набат Әбдірахманқызы – 16 мамыр, ӘМЖӘДД, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы  
Ідірсова Айжан Мырзахметқызы – 17 мамыр, ӘМЖӘДД, эндокринолог-дәрігер  
Батырбекова Бақтылы Бисембайқызы – 20 мамыр, ҒЗЖӨЖЦ, мұнай және газ өндіру инженері  
Самадинова Алматжан Бекқалиқызы – 25 мамыр, МКДЖАЦ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы  
Нұрбаева Алтынгүл Өмірзаққызы – 26 мамыр, МЖҒӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы  
Қоқсаева Ажар Қыздарбайқызы – 26 мамыр, ТУПЦ, үй құтушісі

### 50 жас

Сарқулов Мейрам Қойшыбекұлы – 1 мамыр, МЖҒӨЦ-1, слесарь-жөндеуші  
Мамедова Айгүл – 5 мамыр, ОИТҚ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы  
Рысмамбетов Мұрат Кенжетайұлы – 9 мамыр, МКДЖАЦ, технологиялық сорғылардың машинисті  
Цурцуния Олег Тарасович – 10 мамыр, ҚК, қарауыл  
Әбдірашев Құнанбай Асылбекұлы – 12 мамыр, ҚК, көлік жүргізушісі  
Бекбосынова Оразбибі Ағыладинқызы – 12 мамыр, ТУПЦ, диспетчер  
Жанәділов Абзал Исаұлы – 13 мамыр, ТСДЦ, ұнғымаларды зерттеу операторы  
Исаев Мейірбек Айжарықұлы – 14 мамыр, кешенді қызмет көрсету және ғимараттарды жөндеу жұмысшысы  
Азубаева Қарлығаш Қыйлыбайқызы – 16 мамыр, ӨТБ, есепші  
Бижан Қалабай Еңсегенұлы – 17 мамыр, ҚД, көлік жөндеу слесарі  
Қошанова Қарлығаш Кенғанқызы – 20 мамыр, ЕСӨТӨС, химиялық-бактериологиялық талдау лаборанты  
Ынтабеков Қалдаяқ Қайырғалиұлы – 22 мамыр, СБ, көлік жүргізушісі  
Шәмиев Нұрым Үбүханұлы – 26 мамыр, ӨД, слесарь-жөндеуші

## СПОРТШЫ САҢЛАҒЫМЫЗ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ!



Жақында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ҚКҰЦ операторы Сүйесінов Бақытжан Ақтау қаласында болған ерлер арасындағы 16-шы ҚР Кюкуншинкай каратэ Чемпионатында І орынды жеңіп алды. ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі ұйымдастырған шараға Республиканың түркітүркінен 18 жастан жоғары, шамамен 300-дей адам қатысты. «Жас Қанат» спорт кешенінде Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе және т.б. облыстардың спортшылары татамиде әр салмақ дәрежесі бойынша бақ сынасты. Қортындысы бойынша командалық есепте Маңғыстау облысы бірінші, Шымкент облысы екінші, ал үшінші орын Қарағанды облысына бұйырды. 67,5 – 77,5 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Маңғыстау қанжығасындағы 4 алтынның бірін жеңіп алған Сүйесінов Бақытжан Еуропа мен Әлем Чемпионаттарына жолдама алды. Өрпітесімізге тек сәттілік тілейміз!

## Сіз білесіз бе?

- Мұнай тарихы**
- ☞ Б.д.д. үш мың жылдықта. Ежелгі мысырлықтар, Междуречья тұрғындары мен Тауу Шығыс мемлекетін мекен етушілер мұнайды су бетінен жинап, оны құрылмас жұмыстарына, үйлерді жарықтандыру үшін, жанармай ретінде титті оны базам құрамына қосу үшін пайдаланған.
  - ☞ Б.д.д. 347 жыл бұрын. Қытайда мұнай алу үшін іші қуыс бамбук сабағын құбыр орнына пайдалана отырып, алғашқы ұнғыма орнатылды. Қашау мен бамбук қашағынан тұратын бұрғылау құралы қалыңдығы 1-4 см., болатын арқанмен ұнғымаға түсіретін болған.
  - ☞ Б.д. 7 ғасыр. Суға да қума да сонбейтін орта ғасырдың ең алып «грек оты» қаруы ойлап табылды. Ғалымдар оның құрамында мұнай, қарамай, селитра, канифоль мен күкірт бар деп санайды.
  - ☞ 1264 жыл. Марко Поло (1254-1324) Шығысқа жасаған саяхаты туралы толық сипаттама берген танымал жерһаз-жазушы) Қазіргі Әзірбайжан аумағындағы Ашшерон түбегінің тұрғындары жерден шығып жатқан мұнайды жинайтынын хабарлады.
  - ☞ 1500 жыл. Польшада Карпат өңірінен алынған мұнайдың көмегімен көшелерді жарықтандырады.
  - ☞ 1711 жыл. Грек дәрігері Эврийни д'Эврийнис Валь-де-Травер (Швейцариядағы қазіргі Невшателль қаласы) жерінен табиғи асфальттың тыйайған жерін табыды.
  - ☞ 1745 жыл. Ресейдегі Ухта өзенінен мұнай өңдейтін алғашқы өндіріс салынады.
  - ☞ 1823 жыл. Маздокта Василий Дубинин әлемде алғаш рет индустриялық жермай өндірісіне қызмет ететін, мұнай айдағын текше ойлап табады.
  - ☞ 1848 жыл. Әлемде ең алғаш қазіргі заманғы мұнай ұнғымасы Бакуге жақын мандағы Ашшерон түбегінен бұрғыланды. Сол кезде ол өңір Ресей империясының бір бөлігі болған.
  - ☞ 1849 жыл. Канад геологы Абрахам Геснер алғаш рет жермай алады.
  - ☞ 1853 жыл. Львовтың аптекарлар Иван Лукасевич пен Ян Зех қауіпсіз жермай шамы ойлап табады.
  - ☞ 1859 жыл. АҚШ-та мұнай өндіру басталады. 21 метр тереңдіктегі алғашқы ұнғыма Пенсильвания штатында бұрғыланды.



## МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ

### Ет, суп

Қыдырбай бір құрдасының үйіне түстенуге барған. Құрдасы: «Ет пісіп жатыр, әзірше суп іше тұрайық» - деп ұсыныс жасайды. Сонда Қыдырбай жалма-жан: «Жатқан кезде ет пісіп, Жындарымыз бауі ішіп!» - деген екен.

### Машинаны төбесінен айдау

Қали бір күні машинаның дөңгелегін ауыстырып жатады. Қасына бір жолдасы келіп оны әзілдепті:

- Осы сен-ақ дөңгелек ауыстырасың да жатасың, қалай тозырасың?  
- Мұның өзі көп авария жасап, машиналарын төңкерсе берген шофер екен.  
Сонда Қали айтыпты:

- Мен саған ұқсап, машинаны төбесіне қойып айдап жүрген жоқпын ғой. Біз төрт дөңгелегімен айдаймыз, сосын тозады дағы.

### Берік болсын... бауы

Томаға тұйық, ойы да сөзі шабан адамдар болады. Сондай Келбатыр деген кісі немерелі болған апасының үйіне «құтты болсын», «бауы берік болсын» айтатын деп келген. Кіріп отырыпты да:

- Берік болсын! - депті. Содан шәй ішкен, тамақ жеген, бәрінде үн жоқ. Бір уақытта кетуге айналған. Есіктен шығып бара жатып, артына бұрылып:

- Бауы деймін-ау! - дейтін көрінді. Содан «бауы берік болсын» деген сөзді екі бөліп, арасына көп уақыт салып айтқан.

### Су тасушы суізден

Ағабай деген шофер жігіт машинасымен далада келе жатқанда, мотордың қызуы көтеріліп, тоқтауға мәжбүр етеді.

Радиаторындағы су таусылған. «Енді суды қайдан табам?» деп тұрғанда, үш-төрт шақырым жердегі ауыл көзіне түседі. Шелегін алып, сол ауылға қарай жүгіреді. Келіп бір үйден су сұрайды. Ол үйдің адамы айтыпты:

- Ағабай-ау, осы сен қандай машина айдайсың?  
- Воховоз.  
- Не, сол воховозыңда су жоқ па?  
Ағабай сонда санын бір соғыпты.  
- Ойбай-ай, солай екен-ау! Бар су! Есіме келмейті ғой. Рахмет, рахмет!- деп аңқау жігіт машинасына қарай қайта жүгіріпті.

### Екі емес, он!

Бірде кішкентай немереме сұрақ қойдым:  
- Бірге бір қосқанда неше болады?  
- Екеу болады. - деді ол.  
- Ө-а, онда мен сен айтқандай санын әрбіріне бір-бірден екі қампін берейін. - деп оған екі қампін ұсындым. Сонда ол жалма-жан:  
- Ата! Мен дұрыс айтпаппын. Битге би қосқанда он болады, он болады! - деп екі қолының саусақтарынан көрсеткені бар емес пе! Айнала отырған бәріміз мәз болдық.

### Бірінші сұрақ

Оқуға түсуге емтихан жүріп жатыр. Тапсыруға бір талапкер кірді. Қабылдаушы оның фамилиясын сұрады.  
- Сәукәбаев! - деді де масайрап, мәз болып күле берді. Тіпті рахаттана сымқалықтады. Екі езуі екі құлағында. Сынқышы танданды да, одан: «Неге мәз боласың?» деп сұрады.  
- Ата, бірінші сұраққа қатырып жауап бердім ғой, соған қуанып тұрмын!

Әзілдер Сержан Шакираттың «Маңғыстау күлкесі-2» кітабынан алынды.



### Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: А.Ақшаева

Л.Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:

130000, Ақтау қаласы

6 ш.а., № 1 үй,

тел:

211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады.

Тегін таратылады

Газет ҚР

Мәдениет және

ақпарат

министрілігінде

есепке

қойылып,

№ 9675 - Г

куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы

автор пікірі редакцияның

қозғарынсыз білдірмейді

■ Редакция оқырман хаттарына

жауап бермейді және оны

қайтармайды

■ Жарияланған материалдарды

сілтемесіз көшіріп басуға

болмайды

Газет АҚ-ның

жұртшылықпен

байланыс тобы-

ның компьютер-

інде теріліп,

беттелді.

Индексі: 64265

Таралымы: 2000

«CASPIY PRINT»

ЖШС

баспаханасында

басылды.

Ақтау қаласы,

22 ш.а.

тел: 750750

Тансырыс: 3233